

## 1. Жалпы ережелер

1.1 Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық хореография академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Академия) пәндерді қайта есептеу туралы осы ережесі (бұдан әрі – Ереже):

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 27 шілде 2007 ж. (№ 319-III);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (1-қосымша);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес әзірленді.

Ереже білім алушылардың жоғары (бакалавриат) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура, докторантура) білім беру бағдарламаларын игеруі кезінде пәндерді, өткен практикаларды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қайта есептеу тәртібін регламенттейді.

1.2 Ереже қолданылады:

- академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру кезінде;

- бірлескен білім беру бағдарламаларын немесе екі дипломды білім беруді іске асыру кезінде;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру базасында қысқартылған оқу мерзімі бар білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың пәндерін қайта тапсыру үшін;

- басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу пәндерін оқып-үйренуі және кредиттерін меңгеруі үшін;

- білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру, басқа білім беру ұйымдарынан ауыстыру кезінде;

- білім алушыны қайта қабылдау кезінде;

- білім алушы академиялық демалыстан шыққан кезде;

- жеке жоспар бойынша оқу кезінде және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген басқа да жағдайларда жүргізіледі.

1.2 Қысқартылған оқу мерзімімен бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша пәндерді қайта есептеу білім алушы Академияға қабылданғаннан кейін жүргізіледі.

1.3 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Академияға қабылданғаннан кейін 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

## 2. Глоссарий

**Академиялық кезең (Term) (терм)** - семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

**Академиялық кредит** - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

**Академиялық ұтқырлық (Academicmobility)** - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

**Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі** - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

**Екі дипломдық білім беру** - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;

**Кредиттік ұтқырлық** - білім алушыларды өзі оқитын ЖОО-да оқуын жалғастыру шеңберінде - академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң студенттер оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады);

**Оқытудың кредиттік технологиясы** - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

**Транскрипт (Transcript)** - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат.

### **3. Пәндерді қайта есептеу шарттары**

3.1 Қайта есептеу тұлғаның өткен (оқыған) оқу пәндерін, кәсіптік практикасын және ғылыми жобаларын (бұдан әрі – пәндер), сондай-ақ олардан алған бағаларын (кредиттерін) тану және оларды білім бағдарламасын игеру туралы құжаттарға ауыстыруды білдіреді.

3.2 Қайта есептеу оқу басталғанға дейін жүзеге асырылады және студентті тиісті пәнді қайта оқу (өту) қажеттілігінен босатады.

3.3 Игерілген кредиттерді қайта есептеу бұрын өткен оқу нәтижелерін растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Оларға мыналар жатады: транскрипт, академиялық анықтама немесе білім туралы өзге де құжаттар:

- пән атауы;
- пәннің еңбек сыйымдылығы;
- аралық немесе қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша бағалар (белгілер).

3.4 Қайта есептеу білім алушы меңгеретін білім беру бағдарламасының тиісті бөлігі (пәні) бойынша жоспарланған нәтижелерді және білім алушы бұрын игерген білім беру бағдарламасының (оның бөлігінің) айқындалған өткен оқу нәтижелерін салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

3.5 Пәндерді қайта есептеу білім берудің бір деңгейі шегінде жүзеге асырылады.

### **4. Пәндерді қайта есептеу тәртібі**

4.1 Пәндерді ұйымдастыру, үйлестіру және қайта есептеу мәселелері оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің (бұдан әрі – Қызмет),

халықаралық ынтымақтастық бөлімі мен факультеттердің құзыретіне кіреді.

4.2 Білім алушы Академияның кеңсе және архивіне 2-қосымшаға сәйкес нысанға сәйкес пәндерді қайта есептеу туралы өтінішті және өткен пәндерді растайтын құжаттар тізбесін ұсынады.

4.3 Академия проректоры визасынан кейін кеңсе және архив қызметкері білім алушының көрсетілген құжаттарын Қызметке ұсынады.

4.4 Құжаттар шет тілінде ұсынылған жағдайда, Қызмет оларды мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудару үшін халықаралық ынтымақтастық бөлімі және баспасөз қызметіне (бұдан әрі – ХЫББҚ) жібереді.

4.5 ХЫББҚ құжаттарды қабылдаған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оларды мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударды және Қызметке береді.

4.4 Қызмет құжаттарды бейіні бойынша тиісті факультетке жолдайды.

4.5 Оқу жылының басында факультет деканы бір оқу жылына аттестаттау комиссиясын құру туралы өкім шығарады. Аттестаттау комиссиясы мынадай мүшелерден тұруға тиіс:

- 1) факультет деканы - төраға;
- 2) кафедра меңгерушісі;
- 3) арнайы пәндер оқытушысы.

4.2 Аттестаттау комиссиясы ұсынылған құжаттар негізінде алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей:

- студенттің басқа білім беру ұйымында оқыған оқу пәндерінің тізбесін (академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы) дайындық бағытына сәйкес келетін Академияның білім беру бағдарламаларында қамтылған пәндер тізбесімен салыстырады;

- балдық-рейтингтік әріптік жүйе (бұдан әрі – БРӘЖ) бойынша бағалар қайта есептелетін пәндер тізбесін айқындайды;

- әрбір білім алушы үшін 3-қосымшаға сәйкес жеке хаттама жасайды. Бірлескен немесе екі дипломдық білім беру бағдарламасының білім алушысы үшін салыстыру ведомосі/хаттамасы жасалмайды. Оқу мерзімі қысқартылған білім беру бағдарламаларының білім алушылары үшін салыстыру ведомосы 4-қосымшаға сәйкес жасалады;

- білім алушыны білім беру процесі басталғанға дейін қайта есептеу шарттарымен таныстырады.

Қажет болған жағдайда білім алушы аттестаттау комиссиясының отырысына шақырылады.

Аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша білім алушыға бас тарту себептерін көрсете отырып, қайта есептеуден бас тартылуы мүмкін.

4.9 Аттестаттау комиссиясының шешімінен кейін

Қызмет қайта сынақ пәндері бойынша бағаларды білім алушының транскриптіне енгізеді.

4.10 Білім алушыларда академиялық ұтқырлық бойынша немесе екі дипломдық білім беру бағдарламалары бойынша академиялық айырмашылық болған жағдайда білім алушы 5-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес өтініш жазуы тиіс.

#### **4. Оқыту нәтижелерін тану тәртібі мен рәсімдері**

5.1 Пәнді дәстүрлі бағалау жүйесінен («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» немесе «сынақ») немесе БРӘЖ-нен ерекшеленетін шкаладан қайта есептеген жағдайда осы пәнді бағалау мынадай 1-кесте бойынша жүргізіледі:

1-кесте. БРӘЖ-ден ерекшеленетін пәнді бағалау кестесі

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Балдар (%-тік мазмұны)	Цифрлық баламасы	Әріптік жүйе бойынша баға
«өте жақсы»	95	4,0	A
«жақсы»	75	2,67	B-
«қанағаттанарлық»	55	1,33	D+
«сынақ»	65	2,0	C

5.1 Егер білім алушының академиялық анықтамасында (транскрипте) бағалаудың орнына «сынақ» көрсетілсе, онда оған автоматты түрде «қанағаттанарлық» = C; 2,0; 65 есептеледі. Оқытушы осы шешіммен келіспеген жағдайда, ол аттестаттау комиссиясымен әңгімелесуден өтіп, өзінің білімін растауы тиіс. Оның нәтижелері бойынша оған БРӘЖ бойынша баға қойылады.

5.2 Білім алушы көрсетілген кестеге сәйкес қойылған көрсетілген бағалармен келіспеген жағдайда, онда ол пәнді қайта тапсырудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда ол білім беру бағдарламасында қарастырылған пән бойынша ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаудың барлық түрлерін орындауы керек. Транскриптке білім алушы алған қорытынды баға қойылады.

5.3 Білім алушы 1-кестеден өзгеше бағалау жүйесі бар академиялық анықтама/транскрипт ұсынған жағдайда, аттестаттау комиссиясы бағаларды ауыстыру туралы дербес шешім қабылдайды.

5.4 Пән атауынан ерекшеленетін, бірақ мазмұны бойынша бірдей оқыту бағдарламасы бар, сағаттарында аздаған айырмашылық бар пәнді қайта есептеген жағдайда, аттестаттау комиссиясы осы пән мамандарының пікірін ескере отырып, шешім қабылдайды.

5.5 Ұсынылған құжатта аудиториялық сағаттар көрсетілген жағдайларда аттестаттау комиссиясы қолданыстағы білім беру бағдарламасының оқу жоспарының аудиториялық сағаттарымен салыстыру негізінде қайта есептеуді жүзеге асырады.

## 6. Қорытынды ережелер

6.1 Бекітілген Ережеге өзгерістер енгізуді оларды әзірлеуші жаңа құжат әзірлеу және оны белгіленген тәртіппен келісу және бекіту жолымен жүзеге асырады.

6.2 Осы Ереже алқалы органның хаттамасы шыққан күннен бастап күшіне енеді.

6.3 Ереже қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет қайта қаралады.

Дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке (иситиэс) аударып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Цифрлық баламасы	Балдар (%-тік мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

ҚР МСМ «Қазақ ұлттық  
хореография академиясы» ШЖҚ  
РМК проректоры

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_

(Тегі)

\_\_\_\_\_

(Аты, Әкесінің аты)

\_\_\_\_\_

(білім алушының байланыс деректері)

### Өтініш

Сізден ҚР МСМ «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК-да  
«\_\_\_\_\_» білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін  
(білім беру бағдарламасының атауы)

\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ аралығындағы кезеңде  
\_\_\_\_\_

(оқу орнының толық атауы)

оқыған пәндерді қайта есептеуді сұраймын.

Өтінішке қоса беріледі \_\_\_\_\_

Күні  
Қолы

### Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы

Ұсынылған \_\_\_\_\_ негізінде білім алушыға  
(күжаттың атауы)

\_\_\_\_\_ (білім алушының тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасы бойынша  
(білім беру бағдарламасының код мен атауы)

келесі пәндер кредиттері мен модульдері қайта есептелуі мүмкін:

№	Пәннің / модульдің атауы	Кредит көлемі / сағат	Қайта есептеу үшін ұсынылған пән/модуль	Кредит көлемі / сағат	БРӘЖ

Келесі пәндер мен модульдерді қайта есептеу мүмкін емес:

№	Пәннің / модульдің атауы	Кредиттер көлемі

№	Академиялық айырмашылық	Кредиттер көлемі

Қарау/әңгімелесу нәтижелері:

Резолюция:

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.) (қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.) (қолы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

## Салыстыру ведомосі

\_\_\_\_\_ білім базасында меңгерілген пәндерді қайта есептеу.

Оқу орны \_\_\_\_\_

Дипломның нөмірі мен сериясы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

№	Пәндер	Саны		Білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат пәндері	Саны	
		кредиттер	сағаттар		кредиттер	часы
ЖИЫНЫ						

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_ (қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_ (қолы)



ҚР МСМ «Қазақ ұлттық  
хореография академиясы» ШЖҚ  
РМК проректоры

---

(Т.А.Ә.)

---

(Тегі)

---

(Аты, Әкесінің аты)

---

(білім алушының байланыс деректері)

### Өтініш

Сізден 202\_\_-202\_\_ оқу жылындағы академиялық айырмашылықты жоюға рұқсат беруіңізді сұраймын:

1. \_\_\_\_\_ - \_\_кред.
2. \_\_\_\_\_ - \_\_кред.

Өтінішке қоса беріледі \_\_\_\_\_

Күні  
Қолы